



ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

БИЗНЕСТІҢ ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

www.ombudsmanbiz.kz
2017 жыл

БИЗНЕСТІҢ ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

■ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

**БАРЛЫҒЫ 437 ЖҮЙЕЛІ
ПРОБЛЕМА АНЫҚТАЛДЫ**

**КӘСІПКЕРЛЕР
ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**


294 проблема
ШЕШІЛДІ

1. Рұқсат құжаттардың санын азайту
2. Жарнама саласындағы проблемалар
3. жердің мақсатты пайдаланылуын өзгерту және т.б.

Барлығы **143** проблема
ҚАРАСТЫРЫЛУДА

1. Қойылатын талаптардың тым көп болуы
2. Мемлекеттік органдардың бақылау функцияларының қайталануы

ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЕҢ КӨП САЛАЛАР



САЛАЛАРДАҒЫ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП	<ol style="list-style-type: none">1. Бірыңғай дистрибуция желісінде жеткізілген тауар үшін жеткізушілерге ақы төлеу мерзімінің ұзақтығына, сондай-ақ медициналық ұйымдардың қажеттіліктерін тиімсіз жоспарлауға байланысты кәсіпкерлердің өндірістік емес шығындарының ұлғаю мәселесі.2. Аймақтардағы сатып алулар кезінде отандық медициналық техника өндірушілердің мүдделеріне қысым жасау мәселесі.3. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуге дайындық үшін қысқа мерзім.
ҚҰРЫЛЫС, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ СӘУЛЕТ	<ol style="list-style-type: none">1. жеке адамдардың иелігіне берілген жер телімдерінің нысаналы мақсатын тексермей, Аумаққа егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын бекітуге байланысты туындаған мәселе.2. Пайдалнуға қабылдау актісіне барлық қатысушылардың қол қоюдан жалтару мүмкіндігін жоятын тетіктің жоқтығы.3. Құрылыс нормалары мен ережелерінің жетілмегендігі. Мысалы «Тұрғын үйлер» ҚР ҚНЖЕ 3.02-43-2007 бойынша арыздар жиі түседі.4. Құрылыс нормалары мен ережелерінің (ҚР ҚНЖЕ) қолжетімді болмауы. Көптеген ҚНЖЕ қолжетімді болмауы салдарынан кәсіпкерлерге оларды алу үшін көп уақыт пен қаражат жұмсауға тура келеді.
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ	<ol style="list-style-type: none">1. Топта оқып жатқандардың санын (25 адамнан артық емес) шектеуге байланысты мәселе. Бұл ретте СЭС нормаларына сәйкес топта 30 адамға дейін оқытуға болады.2. Жұмысшы мамандығы бойынша кадрлар дайындайтын колледждерді мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі.
КӨЛІК, ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС	<ol style="list-style-type: none">1. Тасымалдаушылар автопаркін жаңарту талаптарының қатаңдығы (әр 2 жыл сайын).2. ҚР ҰЭМ КРЕМЗК тарапынан әуежайларды шектен тыс реттеу.3. Теміржол тасымалдарындағы жоғары тарифтерге байланысты мәселелер.4. Заңсыз таксомоторлы тасымалдаудың мәселесі.
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕТТЕУ	<ol style="list-style-type: none">1. Қоқыс тастайтын жер болмаған жағдайда өндіріс қалдықтарын орналастыру мәселесі.2. Қалдықтарды уақытша сақтау мәселесі.3. Су қорғау белдеуін анықтау үшін жобаларды әзірлеу қажеттігі мәселесі.4. Қоршаған ортаға арналған эмиссия нормативтерін анықтау мәселесі.

■ РҰҚСАТ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕРДІҢ САНЫН АЗАЙТУ

Рұқсат беру жүйесін оңтайландыру тиімділігі: бизнестің қаржы шығындарының азаюы

1,5
млрд теңге



НӘТИЖЕЛЕРДІҢ ҮЛГІСІ



ЖЕР

1. Толық жоспарлау жобаларының болмауына байланысты әкімдіктердің жер учаскелерін беруден бас тарту мәселесі шешілді
2. Өзге коммерциялық мақсаттар үшін пайдалану кезінде коммерциялық жердің нысаналы мақсатын өзгерту қажеттілігі жойылған



ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕР

1. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесі оңтайландырылды: жоспарлы тексерулер жойылды, тексерудің үш түрі енгізілді;
2. РӘТ (реттеушілік әсерді талдау) жүргізу туралы норма енгізілді. Енді жаңа рұқсаттарды енгізу немесе тексерулер бойынша талаптарды қатаңдату кезінде, мемлекеттік орган оны енгізу қажеттілігін экономикалық есептемелермен дәлелдеуге міндетті. Түпкі шешім Бірінші вице-премьер төрағалығымен БАК деңгейінде қабылданады




ЖАРНАМА

Сол не басқа объектілерді жарнама нысандарына жатқызу туралы норманы түрліше талқылау мәселесі шешілді. Мысалы, маңдайшалар барлық бизнес субъектілері үшін жарнама нысандары болып табылмайды.

■ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ

Түбегейлі шаралар туралы заң аясында кәсіпкерлерлік субъектілеріне қатысты **жоспарлы тексерулер** жойылды.



ЖАҢА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (ТБЖ) ЕНГІЗІЛДІ



Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған субъектілер ғана тексерілуі мүмкін, енгізілген ТБЖ аясында реттеуші мемлекеттік орган мониторинг және талдау арқылы “бұзақыларды” айқындайды және тек содан кейін ғана тексеруді жүргізеді, бұл адал кәсіпкерлерге түсетін ауыртпалықты төмендетуге мүмкіндік береді.

МӘСЕЛЕ

61 БАҚЫЛАЙТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ 28 000 МЫҢНАН АСТАМ ТАЛАП ҚОЯДЫ

«АТАМЕКЕН» ҰКП БП ЖӘНЕ ҰЭМ БІРГЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ТЕКСЕРЕ БАСТАДЫ

Қазақстанда **заңнаманың тұрақсыздық** мәселесі бар, ал оның жетілмегендігі бизнестің құқықтық қорғалуына теріс әсер етеді

Заңнаманың тұрақсыздығы

2009 жылдан бастап Салық кодексі **124** рет өзгертілді, **2494** бап өзгертілді, бұл ретте кодекстің өзі 688 баптан тұрады, кері күш **459** бапқа берілді.

АҚБТК-ның және қалыптасқан тәжірибенің қуғындау сипаты

Бұзушылықтың ауырлығына емес, бизнестің көлеміне байланысты болатын айыппұлдар ескертусіз қолданылады

ҚПК теңсіздік

Тергеудегі кәсіпорындардың бизнес-процестерін тоқтатып қоятын тергеу әрекеттеріне бақылау жүргізілмейді

Лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

Лауазымды тұлғалардың мүліктік жауапкершілігінің болмауы бизнесті қорғаусыз етеді

Кәсіпкерлердің айтуынша, ең басты кедергі – бизнес құқығын қорғау дәрежесінің төмендігі

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ БИЗНЕСТІҢ ЖАУАПТАРЫ



ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

1

Төрелік пен медиацияны дамыту, құқықтық қамсыздандыру үшін ТБЖ күшейту

2

Заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету, РӘТ рөлін күшейту, ұзақ мерзімді салық саясатын бекіту

3

Қуғындау әдістерінен құқық қорғау тәсілдеріне өту

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЕЛІМІЗДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ МЕН ІСКЕРЛІК ЖАҒДАЙЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕДІ

Күрделі әкімшілік талаптар және рәсімдер – сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін басты факторлар

Сыбайлас жемқорлық кестелерін пайдалануға итермелейтін факторлар



ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

1

Рұқсаттар мен лицензиялардың санын қысқарту, рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру

2

Қорғаныспен және қауіпсіздікпен байланысты емес мемлекеттік функцияларды ТБЖ пайдалана отырып, жеке секторға беру

3

Салық төлеушінің “адалдық презумпциясы” қағидасын орнату және айыппұлдарды тек соттың шешімі бойынша салу

4

Бизнестің шығындарына әкеп соққан заңсыз іс-әрекеттер үшін лауазымды тұлғалардың материалдық жауапкершілігін орнату

